



Құрметті студент!

2017 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 2» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларының пәндер реті
5B020800	«Археология және этнология»	1. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы 2. Адамзаттың тарихилыққа дейінгі эволюциясы 3. Археологиялық және этнологиялық зерттеу әдістері 4. Әлем халықтарының этнографиясы

1. Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 1. Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы
 2. Адамзаттың тарихилыққа дейінгі эволюциясы
 3. Археологиялық және этнологиялық зерттеу әдістері
 4. Әлем халықтарының этнографиясы
2. Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
3. Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
4. Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
5. Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.

6. Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;

- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;

- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға

қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы

1. Алғашқы Түрік қағанаттарының негізін салушылар:

- A) Күл Кадыр-хан
- B) Истеми
- C) Чыкан
- D) Бумын
- E) Мұқан

2. Жетісудағы ортағасырлық қалалар:

- A) Кедер
- B) Тараз
- C) Бұхара
- D) Янгикент
- E) Құлан
- F) Самарқанд
- G) Невакет

3. XIV ғ. аяғы -XV ғғ. жататын сәулет өнерінің атақты ескерткіштері:

- A) Көккесене
- B) Айша бибі кесенесі
- C) Қорқыт кесенесі
- D) Сунақ ата кесенесі
- E) Қарахан кесенесі
- F) Жошы хан мазары

4. Қадырғали Жалайырдың еңбегін көне шағатай-қазақ тілінен аударып, басып шығарған авторлар:

- A) А. Исин
- B) С. Әжіғали
- C) С. Өтениязов
- D) Ж. Төлебаева
- E) Б. Көмеков

5. Қазақ қоғамындағы «қарасүйек» категориясына кіретін әлеуметтік топ:

- A) Бай
- B) Би
- C) Шаруа
- D) Қожа
- E) Хан
- F) Төленгіт

6. «Жеті Жарғы» заңдар жинағын жасауға қатысқан билер:
- A) Майқы би
 - B) Боранбай би
 - C) Төле би
 - D) Алшынбай би
 - E) Қарашор би
 - F) Әйтеке би
7. Ішекті музыкалық аспаптар:
- A) Дауылпаз
 - B) Шыңдауыл
 - C) Сыбызғы
 - D) Шертер
 - E) Асатаяқ
 - F) Даңғыра
8. Лирикалық эпостық жырлар:
- A) «Бөгембай өліміне»
 - B) «Ертөстік»
 - C) «Қозы Көрпеш Баян Сұлу»
 - D) «Ей, Ақтамберді, Қабанбай»
 - E) «Айман-Шолпан»
 - F) «Қыз Жібек»
9. Сыр өңірінде орналасқан сақтардың археологиялық ескерткіштері:
- A) Тасмола мәдениеті
 - B) Түгіскен қорымы
 - C) Есік қорымы
 - D) Ұйғарақ қорымы
 - E) Шірік -Рабат
10. X ғ.ІІ жартысында Хасан Боғра хан ешбір қарсылықсыз басып алған қалалар:
- A) Сығанақ
 - B) Үзкент
 - C) Самарқанд
 - D) Бұхара
 - E) Испиджаб

11. Қарахан мемлекеті тұсында салық жинау құқына байланысты пайда болған терминдер:

- A) Тархан
- B) Иктадар
- C) Ихта
- D) Құл еркін
- E) Жабғы
- F) Жабғу

12. XIV ғ. Әл-Омаридің жазуы бойынша қыпшақтар көп өсірді:

- A) жүгері
- B) қарақұмық
- C) күріш
- D) тары
- E) бидай

13. Үгедей ұлысының территориясы:

- A) Сырдария
- B) Арал
- C) Батыс Моңғолия
- D) Шығыс Дешті Қыпшақ
- E) Орта Азия
- F) Жетісу

14. Қытайдың әдемі фарфордан жасалған ыдыстары табылды:

- A) Қойлық
- B) Құлан
- C) Жаркент
- D) Талғар
- E) Отырар
- F) Хантау
- G) Қапшағай

15. Шағатай мемлекетінің інжулік жерлері:

- A) Жайық
- B) Шу
- C) Іле
- D) Керулен
- E) Ертіс
- F) Талас
- G) Ор

16. Алтын Орда кезіндегі Ұлы Жібек жолы тармақтары:

- A) Ферғана
- B) Кавказ
- C) Самарқанд
- D) Сирия
- E) Еділ бойы
- F) Айнабұлақ
- G) Соғды

17. Орта жүз тайпалары:

- A) жалайыр, қоңырат
- B) жағалбайлы, қыпшақ
- C) найман, уақ
- D) ошақты, шекті
- E) керей, қыпшақ

18. Хақназар кезінде қазақ жасақтарының тегеурінді шабуылына шыдамаған ноғай мырзалары ығысты:

- A) Донға
- B) Ташкентке
- C) Еділге
- D) Жетісуге
- E) Ертіске
- F) Отырарға
- G) Жайыққа

19. Қазақ хандығының құрылуын тарихи деректер негізінде зерттеген ғалымдар:

- A) Т.И. Сұлтанов
- B) А. Якубовский
- C) Л.Н. Гумилев
- D) Н. Пигулевская
- E) С.К. Ибрагимов
- F) Б. Владимирцов
- G) В. Бартольд

20. Қазақстанның тас дәуірін зерттеген ғалымдар:

- A) М.Е. Елеуов
- B) К.М. Байпаков
- C) К.А. Ақышев
- D) В.Ф. Зайберт
- E) З.С. Самашев
- F) Х.А. Алпыспаев
- G) Ә.Х. Марғұлан
- H) Ж.К. Таймағамбетов

21. Кейінгі қола дәуіріндегі Шығыс Қазақстан тайпаларының мәдениеті синхронды өмір сүретін мәдениеттер:

- A) Қарасұқ мәдениеті (Сібір)
- B) Шұра мәдениеті (Орталық Қазақстан)
- C) Замараев мәдениеті (Орал бойы)
- D) Беғазы-Дәндібай мәдениеті (Орталық Қазақстан)
- E) Қауыншы мәдениеті (Оңтүстік Қазақстан)
- F) Құлажорға мәдениеті (Шығыс Қазақстан)
- G) Тасмола мәдениеті (Орталық Қазақстан)

22. Мылтық түрлері:

- A) шолақ
- B) болаттан жасалған мылтық
- C) самқал
- D) алдыаспан
- E) білтелі мылтық
- F) күрзі

23. Қарлұқ қағанатының тайпалары:

- A) ланиқаз
- B) дулу
- C) байандүр
- D) бұлақ
- E) ташлық
- F) нушебилер
- G) жікіл
- H) теле

24. Көне түркі жазбаларын зерттеген ғалымдар:

- A) В. Радлов
- B) А. Якубовский
- C) С. Руденко
- D) С. Волин
- E) С. Плетнева

25. Шағатай ұлысында орталықтану және Мауереннахр халқымен жақындасу саясатын ұстанған хандар:

- A) Кебек хан
- B) Арық-бұға хан
- C) Шағатай хан
- D) Барақ хан
- E) Шапар хан
- F) Тармашырын хан
- G) Қазан хан

**Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Адамзаттың тарихылыққа дейінгі эволюциясы

1. Ұлы географиялық ашулардың ғасырлық шеңбері:

- A) XVIII ғ.
- B) XV-XVI ғғ.
- C) XV ғ. соңы - XVI ғ. басы
- D) VI ғ.
- E) XIX ғ.
- F) XV ғ. соңы

2. Экзоплуатация ұғымы кең мағынада қолданылу түрі:

- A) құлдық
- B) ұрлық
- C) азаматтық
- D) контрибуция
- E) балаларды еңбекке мәжбүрлеу
- F) салық төлеу
- G) әскери тонаушылық

3. Австралопитектің ми көлемі:

- A) 1200 см. куб
- B) 950-1100 см. куб
- C) 800 см. куб
- D) 950 см. куб
- E) 850 см. куб
- F) 900 см. куб
- G) 500-600 см. куб
- H) 1600 см. куб

4. Еңбек құралдарын мақсатты жасау және тұрақты пайдаланудың басталуы:

- A) 2 млн. жылдай бұрын
- B) 5 млн. жыл бұрын
- C) 2,5 млн. жылдай шамасы
- D) 8000000 мың жылдай бұрын
- E) 1,5 млн. жылдай бұрын
- F) 50000000 мың жыл
- G) 10 млн. жыл бұрын
- H) 5,5 млн. жылдай бұрын

5. Сүтқоректілердің адамға тән белгілері:

- A) дененің тұрақты температурасы
- B) төрт аяқтылығы
- C) түк қабаты
- D) ми құрылысы
- E) сүт бездері

6. Зинджантроптар және презинджантроптар табылған аймақ:

- A) Өзбекстан
- B) Батыс Азия
- C) Танзания
- D) Индонезия
- E) Ява аралы
- F) Африка
- G) Эфиопия
- H) Олдувай шатқалы

7. «Гоминидтік үштік» ұғымы қамтиды:

- A) ойлау
- B) тік жүру
- C) қол
- D) тіл
- E) дін
- F) мәдениет
- G) еңбек құралдары
- H) ми

8. Алғашқы тұрмыстық қоғам тарихы туралы антикалық ой қозғаған авторлар:

- A) Страбон
- B) Бахофен
- C) Демокрит
- D) Лукреций Кар
- E) Миклухо-Маклай
- F) Ч.Дарвин
- G) Л.Морган
- H) Ж.Руссо

9. Ең алғашқы қауымның тарихи қайта құрылуы үшін зерттелген заманауи тайпалар мен халықтар:

- A) Тувадағы селькуптер
- B) Калахари шөліндегі бушмендер
- C) Қазақ рулары
- D) Монголиядағы тайпалар
- E) Филиппинадағы Аэта тайпалары
- F) Якуттық тайпалар
- G) Тасманияның жергілікті тұрғындары

10. Алғашқы адамдарда еңбекті жартылай жасқа бөлудің түрлері:

- A) Тәжірибелі ұйымдастырушылар
- B) Әйелдер - ошақ қорғаушылары және терімшілер
- C) Барлаушылар
- D) Айдаушылар
- E) Аңшылар

11. Батыс Еуропадағы мезолиттік қауымдарды көрсететін археологиялық мәдениеттер:

- A) Тартанга мәдениеті
- B) Азиль мәдениеті
- C) Хоабин мәдениеті
- D) Пирри және Бонди мәдениеттері
- E) Кебара мәдениеті

12. Алғашқы тайпаларда геронтицид рәсімнің мәні:

- A) асыра алмайтын балалардан құтылды
- B) жасөспірімдерді қауымның теңқұқылы мүшесі ретінде қоғамдық қызметтерге қатыстыру
- C) жасөспірімдерді магияға (сиқырға) баулу
- D) еңбек қызметіне жарамсыз болып қалған қарттардан құтылу
- E) ауру адамдардан құтылу

13. Алғашқы қауымдағы егде адамдардың рөлі:

- A) Руды қорғамады
- B) Ұжымның қоғамдық және идеологиялық өміріне жауапкер болды
- C) Өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелемеді
- D) Ешқандай әрекет жасамады
- E) Әйелдерге көмектесті
- F) Еңбек құралдарын жасады

14. Л.Г. Морган атап көрсеткен отбасылардың формалары:

- A) Пуналуалды отбасы
- B) Көп күйеуге шығушылық
- C) Қандас туыстық неке
- D) Некелік айырбас
- E) Біркелкі емес неке
- F) Дәстүрлі емес отбасы
- G) Көп әйел алушылық

15. Алғашқы адамдар діни түсініктерінің ерте формалары:

- A) анимизм
- B) инициация
- C) фетишизм
- D) зараастринизм
- E) тотемизм
- F) шаманизм
- G) буддизм

16. Алғышарттар алғашқы қауымда мәртебелі экономиканың негізі болды:

- A) зергерлік іс
- B) қосымша азық-түліктер
- C) мәртебелі-экономикалық қатынастар
- D) айырбас және сауда
- E) ұрлық
- F) мәртебелі заттарға сұраныс
- G) қолөнер өндірісі

17. Ең төменгі аңшыларда, балық аулаушыларда және терімшілерде некенің формалары:

- A) Дәстүрлі емес отбасы
- B) Пуналуалды отбасы
- C) Көп әйел алушылық
- D) Вирилокалды неке
- E) Патрилокалды неке
- F) Қандас туыстық неке

18. Неандерталь адамының жетістіктері:

- A) Отты пайдаланды
- B) Жер үсті үйлерін салған
- C) Бекітілген тұрақтар салған
- D) Алғаш болып ретушьтеу техникасын қолданған
- E) Ұжымдық аң аулау пайда болды
- F) Қарапайым қайықтарды қолданған
- G) Жебе мен садақ ойлап тапқан

19. Классикалық археологиялық кезеңдестіруде жоғарғы палеолитті бөліп қарастыратын кезең:

- A) Гюнц
- B) Ориньяк
- C) Миндель
- D) Солютре
- E) Вюрм
- F) Ашель
- G) Рисс

20. 1936 жылы атақты ағылшын археологы В.Г. Чайлд алғашқы қауым тарихындағы ұсынған негізгі төңкеріс концепциясы:

- A) тарихи революция
- B) неолиттік революция
- C) қалалық революция
- D) қарулық революция
- E) технологиялық революция
- F) шаруашылық революция
- G) жершаруашылық революция
- H) аграрлық революция

21. Л.Г. Морган бойынша әмбебап-тарихи кезеңдестірілуі:

- A) ежелгі тас дәуірі
- B) өркениеттілік
- C) варварлық дәуірі
- D) әскери демократия
- E) алғашқы қауым

22. Приматтар революциясына ең жақын ұрпақ:

- A) Рамапитектер
- B) Палеоантроптар
- C) Синантроп
- D) Қазіргі шимпанзе
- E) Орангутангтар
- F) Дриопитек

23. Этнология ғылымының кеңестік ғылым даму кезінде субдисциплиналарға бөлінуі:

- A) материалды этнология
- B) экономика
- C) саяси антропология
- D) нормативті этнология
- E) құқық этнологиясы
- F) экономикалық антропология

24. Батыс Европа мен АҚШ этнологиясы өз дамуындағы пән:

- A) заң этнологиясы
- B) құқық этнологиясы
- C) саяси антропология
- D) материалды этнология
- E) потестарлық-саяси

25. Оңтүстік Африкада австралопитектердің сүйектеріне сүйене отырып Раймонд Дарт атаған еңбек құралдарының ерте кезеңі:

- A) сүйек индустриясы
- B) галька мәдениеті
- C) ашельдік еңбек құралдары
- D) сүйек еңбек құралдары
- E) тас индустрия
- F) алғашқы еңбек қызметі
- G) остеодонтокератикалық

**Адамзаттың тарихылыққа дейінгі эволюциясы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Археологиялық және этнологиялық зерттеу әдістері

1. Ресей археологиялық комиссияның құрылған уақыты:

- A) 1848 ж
- B) 1917 ж
- C) 1900 ж
- D) XIX ғ. 50-ші жылдары
- E) 1859 ж

2. Археологиялық зерттеу барысында археологияның тарихи лингвистикамен тығыз байланысын дәлелдейтін артефактілер:

- A) тастағы жазулар
- B) ыдыстар мен тиындардағы жазу
- C) қоладан жасалған бұйымдар
- D) ру таңбалары
- E) әулеттік хроникалар
- F) тас еңбек құралдар

3. «Петроглиф» латыннан тілінен аударғанда білдіреді:

- A) монумент
- B) тиындар
- C) скульптура
- D) тастағы таңбалар
- E) тастағы сурет
- F) жартас суреттері

4. Хронометрикалық мерзімдеу:

- A) Геомагниттік мерзімдеу
- B) Абсолюттік мерзімдеу
- C) Күнтізбелік жылдарда мерзімдеу
- D) Дендрохронология көмегімен мерзімдеу
- E) C¹⁴ бойынша мерзімдеу

5. Археология ғылымындағы тас дәуірінің негізгі кезеңдері:

- A) мезолит
- B) экзолит
- C) археолит
- D) тополит
- E) палеолит

6. Мәңгі мұз басқан обалар:

- A) шұңқырдағы жерленулер
- B) мола, обалардағы құрылыстарды
- C) мәңгілік тоңдағы қорғандар
- D) тоң басқан адам және жануарлар жерленулері
- E) катакомбалық жерлену
- F) жерленулердің пирамида тәрізді салынуы

7. «Кенотаф» сөзінің мағынасы:

- A) мазар
- B) адамның тірі күнінде пайдаланған заттары қойылған орын
- C) құрбандық шалу орны
- D) ғимарат
- E) мола

8. Этнографиялық экспедицияда далалық дәптерді пайдалану ережелері ескертеді:

- A) Алғы немесе соңғы бетте барлық парақ санын көрсетуге
- B) Тұтас (үздіксіз) жазу жүргізуге
- C) Нөмірлеп қоюға
- D) Әр сұқбатты жаңа беттен бастауға
- E) Парақты жыртып алуға
- F) Өзгенің дәптеріне жазуға

9. Бор құрамындағы кремний тау жынысы шикізатынан ежелгі адамдар еңбек құралдарын дайындау:

- A) күректер
- B) қырғыштар
- C) кетпендер
- D) ұштар
- E) айырлар
- F) бидай үккіш

10. Мәдени қабаттар болады:

- A) көп қабатты
- B) ауыстырылған, ауыстырылмаған
- C) қазылған және қазылмаған
- D) араласқан және араласпаған
- E) иленген және толыққан

11. Археологиялық ескерткіш ашылғаннан кейін міндетті түрде іске асырылатын алғашқы үдерістер:

- A) Реставрация
- B) Қазба жұмыстары
- C) Консервация
- D) Қалпына келтіру
- E) Реконструкция
- F) Жоспарын түсіру

12. Этнопсихологиялық зерттеулерде маңызды рөл атқарған Рут Бенедиктің еңбектері (1887-1948):

- A) «Антропогеография»
- B) «Көне қоғам»
- C) «Мәдениет үлгілері»
- D) «Алғашқы қоғам»
- E) «Оңтүстік-Батыс мәдениетінің психологиялық түрлері»
- F) «Солтүстік Америка мәдениетінің конфигурациясы»

13. «Стационарлық» экспедиция қамтитын тақырыптар:

- A) Генеалогия
- B) Этникалық топтардың қоныстануы
- C) Рәсімдер
- D) Отбасы және отбасылық қатынастар
- E) Қоғамдық тұрмыс

14. Басқа мәдениеттерді ұғуға мүмкіндік береді:

- A) Бақылау
- B) Интуиция
- C) Синтез
- D) Дедукция
- E) Индукция
- F) Үйірлесіп кету
- G) Біте-қайнасу

15. Этнология ғылымында жүйелі әдістің идеялары мен принциптерін айқындайды:

- A) Күрделілік
- B) Рух
- C) Диффузия
- D) Кешенділік
- E) Құрылым

16. Англиядағы эволюционизм бағытының ең көрнекті өкілдері:

- A) Летурно
- B) Бастиан
- C) Вайц
- D) Морган
- E) Спенсер
- F) Фрезер
- G) Тэйлор

17. Интерпретативті антропологияның өкілі Клиффорд Гирц бойынша - әлеуметтік өмірдегі символдар өз әсерін тигізеді:

- A) Жақтырмауға
- B) Ұнатуға
- C) Ықыласқа
- D) Ойлауға
- E) Сезімге
- F) Сенімге
- G) Қабылдауға

18. Этнологиядағы структурализм өкілдері:

- A) К. Леви-Стросс
- B) Ф. Боас
- C) Б. Малиновский
- D) Г. Морган
- E) Э. Дюркгейм
- F) Э. Эванс-Причард
- G) А. Бастиан

19. Функционализм теориясының өкілдері:

- A) Р. Турнвальд
- B) Г. Морган
- C) Л. Леви-Брюль
- D) А. Бастиан
- E) Э. Дюркгейм
- F) Ф. Ратцель

20. Неолит дәуіріндегі дүниетаным және рухани танымдық өзгерістерге жол ашқан құбылыс-факторлар:

- A) балық аулауды дамытпау
- B) жерлеу тәжірибесі
- C) өнер
- D) өсімдік өсіру
- E) аңдарды қолға үйретпеу
- F) темірді қолдану
- G) елді-мекендер салынуы

21. Пікір алмасу әдісі:

- A) Нақты мәліметтер мен деректерді жеткізу
- B) Белгілі бір ақпаратты нақтылау үшін мәліметті жинау әдісі
- C) Жеке адамнан, ұжымнан вербальды коммуникация негізінде ақпарат алу
- D) Арнайы құрылған бағдарлама негізіндегі жеке әңгімелесу кезіндегі этнографиялық әрекеттер туралы мәлімет жинау
- E) Этнографиялық мәліметтерді жалпы жинау
- F) Информатордың деңгейіне сәйкестендіріліп құрастырылған сұрақтар
- G) Соңғы мәліметтерді алу үшін этнограф пен респондент арасындағы тақырыпқа құрылған диалог

22. Ф.Боас және оның мектебі ұсынған әдіс негізделетін қағидалар:

- A) Ерекшелікті қарапайым атрибутивті түрде сипаттау
- B) Мәдениет элементтерінің шығуы мен таралуын анықтау
- C) Символ мен мәтінді интерпретациялау
- D) Қазіргі кезде бақылауға болатынды зерттеу
- E) Мәдениеттің әр элементінің қызметін анықтау
- F) Мифтің жадын тарқату

23. Г.Громовтың пікірінше қазіргі заманды этнографиялық тұрғыдан зерттеудің 1960 жылдың бірінші жартысына дейінгі кезеңде орын алған:

- A) Қазіргі тұрғындардың өмірі мен мәдениетінің барлық қырларын зерттеу
- B) Қазіргі замандағы тек экономикалық аспектіні зерттеу
- C) Қазіргі заман - этнографиялық зерттеудің объектісі емес
- D) Мәдениеттің этникалық, ұлттық қырларының ролі мен тағдырын зерттеу
- E) Толық анық, жеткілікті тексерілген және жаппай мойындалған әдістеме жоқ

24. Тас құралдарын зерттеу үшін қажет:

- A) қазба жұмыстарының жоспары
- B) материалдардың құрамын сипаттамау
- C) беріктік дәрежесін анықтау
- D) арнайы жабдықтарды қолдану
- E) технологиялық қасиеттерін анықтау
- F) шикізат орындарын анықтау
- G) іздеу әдістерін сипаттау

25. Заттық деректерді тіркеуге енеді:

- A) Жоспарын суретке және сызбаға түсіру
- B) Экспедиция басшысы бекіткен ереже
- C) Әрбір пікір алмасуды жазып алу
- D) Пленканы маркерлеу
- E) Заттай деректерді арнайы папкада сақтау
- F) Графикалық әдістер
- G) Каталогтау

**Археологиялық және этнологиялық зерттеу әдістері
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Әлем халықтарының этнографиясы

1. Монғолоидтық нәсіл өкілдеріне тән белгілері:

- A) Эпикантус
- B) Қатты және бұйра шаш
- C) Жалпақ мұрын
- D) Жіңішке мұрын
- E) Прогнатизм
- F) Мұрт пен сақалдың қалың өсуі
- G) Қалың ерін

2. Алтай семьясының тармақтары:

- A) Парсы
- B) Шығыс славян
- C) Фин-угор
- D) Кушит
- E) Тунгус-маньчжур
- F) Түрік
- G) Монғол

3. Скандинавия халықтарының негізгі діндері:

- A) Католиктік
- B) Даосизм
- C) Православие
- D) Ислам
- E) Протестанттық

4. Оңтүстік-Шығыс Азия тұрғындарына тән шаруашылық типтері:

- A) Шай шаруашылығы
- B) Балық шаруашылығы
- C) Көшпелі мал шаруашылық
- D) Бақша өсіру
- E) Күріш шаруашылығы

5. Элиталық мәдениет көріністері:

- A) Супрематизм
- B) Теледидар
- C) Жарнама
- D) Импрессионизм
- E) Эстрада
- F) Балет
- G) Мода
- H) Кинематограф

6. Океанияның ірі мемлекеттері:

- A) Папуа-Жаңа Гвинея
- B) Австралия
- C) Француз Полинезия
- D) Палау
- E) Жаңа Жер
- F) Малайзия
- G) Жаңа Зеландия

7. Отаршылардың келгеніне дейін Австралия және Океания халықтары еңбек құралдардың материалдары:

- A) Ағаш
- B) Мыс
- C) Алтын
- D) Тас
- E) Темір
- F) Бамбук
- G) Сүйек
- H) Қола

8. Солтүстік Американың байырғы халықтары:

- A) Эвенктер
- B) Ацтектер
- C) Эскимостар
- D) Ағылшындар
- E) Алеуттер
- F) Американдықтар
- G) Мексикандықтар
- H) Үндістер

9. Халықтың саны жағынан қазіргі ең ірі қалалар:

- A) Сингапур
- B) Найроби
- C) Дели
- D) Джакарта
- E) Мадрид
- F) Дубай
- G) Манила

10. Маргинал-этникалық сәйкестіктің көріністері:

- A) Азаматтық отаншылдығы
- B) Агрессивтік іс-әрекеттер
- C) Басқа этникалық топтармен құндылық қарым-қатынас құру
- D) Этнорелятивизм
- E) Бимәдениетті құзырлылық
- F) Икемсіздікті сезіну
- G) Құндылықтардың болмауы
- H) Жүйрік мәдени бейімделу

11. Француздық әлеуметтану мектебінің негізгі өкілдері:

- A) Н.Н.Миклухо-Маклай
- B) М.Мосс
- C) Д.Н.Анучин
- D) В.В.Бартольд
- E) Э.Дюркгейм
- F) М.Хальбвакс
- G) З.Фрейд
- H) Л.Я.Штернберг

12. Батыс Еуропаның саны ең көп этнос:

- A) Ағылшындар
- B) Гректер
- C) Шведтер
- D) Француздар
- E) Испандықтар
- F) Португалдар
- G) Австриялықтар

13. Саамиліктердің дәстүрлі шаруашылығы:

- A) Көшпелі мал шаруашылығы
- B) Ірімшік қайнату
- C) Күріш өсіру
- D) Аң аулау
- E) Қыш құмыра (көзе) жасау
- F) Бұғы шаруашылығы

14. Жылжымалы баспана түрлері:

- A) Яранга
- B) Киіз Үй
- C) Иглу
- D) Жеркепе
- E) Типи
- F) Вигвам

15. Халықтардың ұлы қоныс аудару үдерісінде қатысқан тайпалар:

- A) Басклар
- B) Гректер
- C) Франктар
- D) Қыпшақтар
- E) Скифтер
- F) Ғұндар
- G) Вестготтар
- H) Испандықтар

16. Вьетнамдықтардың ең маңызды дақылдары:

- A) Соя
- B) Қызыл Май
- C) Бұрыш
- D) Күріш
- E) Қөксағыз

17. Қытайда кең тараған діндер:

- A) Ламаизм
- B) Ведизм
- C) Иудаизм
- D) Шаманизм
- E) Синтоизм
- F) Джайнизм

18. Таяу Шығыстағы ірі өзендері:

- A) Тигр
- B) Енисей
- C) Ганг
- D) Конго
- E) Евфрат
- F) Иордан

19. Егіншілік пен мал шаруашылығы пайда болған аймақтары:

- A) Месопотамия
- B) Үндіқытай джунглиі
- C) Мавереннахр
- D) Тынық мұхит жағалауы
- E) Альпілік көгалдары
- F) Таяу Шығыс алаптары
- G) Шығыс Жерорта теңізі бойы
- H) Орталық Азияның даласы

20. Этногенез үдерісі:

- A) Глоттогенез
- B) Космогенез
- C) Геогенез
- D) Гелиогенез
- E) Нәсілгенез
- F) Культурогенез
- G) Онтогенез
- H) Метаморфоз

21. Эскимостарды зерттегендер:

- A) Николай Миклухо-Маклай
- B) Лев Штернберг
- C) Дэвид Ливингстон
- D) Кнуд Расмуссен
- E) Васко да Гамо

22. Үндістердің дәстүрлі шаруашылығы:

- A) Қыш құмыра (көзе) жасау
- B) Жылқы бағу
- C) Күріш өсіру
- D) Соқамен жер жырту
- E) Аң терісін өңдеу

23. Оңтүстік Америка халықтарының дәстүрлі киімдерінің түрі:

- A) Пончо
- B) Шапан
- C) Пальто
- D) Сарафан
- E) Камзол
- F) Туника

24. Дәстүрлі түйе өсіруші шаруашылықпен айналысатын ел:

- A) Египет
- B) Занзибар
- C) Грузия
- D) Ангола
- E) ОАР
- F) Алжир

25. Солтүстік Африкада кең таралған шаруашылық түрі:

- A) Кит аулау
- B) Тері өңдеу
- C) Шарап жасау
- D) Шай өсіру
- E) Күріш өсіру
- F) Бақша өсіру

**Әлем халықтарының этнографиясы
ПӘНІ БОЙЫНША
СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**